

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

КЕАҚ « А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
өңірлік университеті»

Ауылшаруашылық техникалық
институты

Бекітемін



Информатика кафедрасы

ДАМУ ЖОСПАРЫ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«7М01509-Информатика» 2020-2025 жж

Қостанай, 2020

Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

БББ 7M01509 – Информатика мамандығы бойынша кадрларды даярлау 03.08.2020 жылғы № K728GAAO00018515 лицензиясы негізінде және Қазақстан Республикасының 31 қазандағы 2018 жылғы № 604 (05.05.2020 ж. өзгертулер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Ұлттық біліктілікке, Салалық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Жаңа кәсіптер атласына сәйкес жүзеге асырылады.

Информатика кафедрасы 2020 жылы құрылды және сол жылдан бастап БББ бойынша түлектерді дайындайды.

7M01509 – Информатика білім беру бағдарламасын іске асыру білімді генерациялауда және жаһандану жағдайында табысты адамдардың жаңа буынын дайындауда көрсетілген университеттің миссиясына сәйкес жүзеге асырылады және институт пен кафедраның мақсаттарына сәйкес білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін анықтайды.

7M01509 – Информатика білім беру бағдарламасы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің А.Айтмұхамбетов атындағы инженерлік-техникалық институтында жүзеге асырылады және болашақ информатика мұғалімдерін:

- пәндік сала бойынша жоғары сапалы білімді;
- аналитикалық, зерттеушілік және тілдік дағдылары бар;
- кәсіптік білім, іскерлік пен дағдыны одан әрі үздіксіз өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі бар;
- көшбасшылық қасиеттер мен жаңашыл ойлау

бойынша кәсіби даярлықпен қамтамасыз ету саласында кәсіби маман даярлауға бағытталған.

2021-2022 оқу жылынан бастап БББ 7M01509 – Информатика білім беру бағдарламасы университет басшылығының шешімі негізінде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтында жүзеге асырылуда. Бұл тәсіл аймақта және тұтас Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың ағымдағы және болашақтағы міндеттерін ескере отырып 7M01509 – Информатика білім беру бағдарламасы 7M01 Педагогика ғылымдарының білім беру саласындағы басқа БББ-мен даму міндеттерін іске асыру бойынша іс-шараларды жинақтауға мүмкіндік береді.

БББ 7M01509 – Информатиканың бірегейлігі мен артықшылықтары ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды дайындауға арналған басқа БББ-мен салыстырғанда информатиканы оқыту үшін педагогикалық кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз ету жағдайында аймақтың ерекшеліктеріне сәйкес информатикадан – ақпараттық-коммуникациялық және SMART технологиялары саласындағы заманауи жетістіктерді пайдалана отырып, информатикадан оқу процесін жобалауға, енгізуге, оның нәтижелерін талдауға және инновациялық-педагогикалық қызмет, ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында студенттерді информатикаға дайындауды жетілдіруге қабілетті магистрлерді, информатика мұғалімдерін даярлау.

БББ 7M01509 – Информатика бойынша магистрлерді – информатика пәні мұғалімдерін даярлауда мақсатқа жету миссияға, көзқарасқа, Сапа бойынша саясатқа, университеттің даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады <https://ksu.edu.kz/about/missiya-celi-strategiya-razvitiya/>.

БББ 7M01509 – Информатика бойынша білім берудің мақсаты – Білім беру қызметі саласында ақпараттық технологияларды қолдана алатын магистрлерді даярлау, оқу үдерісін басқару және мониторингті жүзеге асыру, информатиканы оқытудың заманауи әдістері негізінде дәстүрлі және жаңа идеяларды бағалау және салыстыру, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру.

Білім беру бағдарламасы оқу процесін ұйымдастырудың кредиттік-модульдік жүйесі негізінде құрылған.

ББ бағдарламасы теориялық оқытуды, оның ішінде негізгі және кәсіби пәндердің циклдерін оқуды қамтиды; магистранттар үшін практикалық дайындық: тәжірибенің әртүрлі түрлері, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдамалар; ғылыми-зерттеу жұмыстары, оның ішінде магистрлік диссертацияны аяқтау, қосымша майнер бағдарламалары, қорытынды аттестаттау. Білім беру бағдарламасының көлемі 120 қазақстандық кредитті құрайды, оның ішінде 70 теориялық оқу, 14 кәсіптік кредиті, МҒЗЖ 24 кредиті және 12 қорытынды аттестаттау кредиті.

Оқыту нәтижелері құзыреттіліктер арқылы көрсетіледі және Дублин дескрипторлары негізінде жобаланады. Негізгі құзыреттер пәндердің жұмыс оқу жоспарларында және модульдік білім беру бағдарламасында көрсетілген.

ОН1 Цифрландыру саласындағы әлемдік тенденциялар мен тұжырымдамаларды; информатикадағы ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерін; қазіргі кезеңдегі цифрлық технологиялардың даму жағдайын, Қазақстанның ІТ - мектептері туралы біледі;

ОН2 Қарым-қатынастың оқу, ғылыми, кәсіби және әлеуметтік-мәдени салаларында коммуникацияны жүзеге асыру үшін сандық технологиялар саласындағы кәсіби халықаралық қарым-қатынастың қалыптасқан мамандандырылған терминологиясы шеңберінде коммуникация құралы ретінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген;

ОН3 Көптілді кадрларды даярлау аспектісінде жоғары мектептің дидактикасын; оқу ортасында жұмыс істейтін, академиялық және кәсіптік мақсаттар үшін қажетті деңгейден төмен емес тілдерді; жоғары мектепте оқытудың қазіргі заманғы технологияларын, зерттеу нәтижелерін практикалық педагогикалық қызметке енгізу әдістерін; зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру тетіктерін біледі;

ОН4 Информатиканың тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның ғылым мен құндылықтардың жалпы жүйесіндегі орнын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын біледі. Әртүрлі заманауи сандық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді салыстыру дағдысы бар, оларды ғылыми - зерттеу жұмыстарын орындау барысында қолдана алады;

ОН5 Информатика саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелерін өңдеу және бағалау, ғылыми жарияланымдар дайындау технологияларын меңгерген; қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалауға қабілетті; зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялай алады;

ОН6 Информатиканың әртүрлі бөлімдері бойынша авторлық курстарды әзірлеу әдістерін; көптілді кадрларды даярлауды ескере отырып, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік өнімдерді әзірлеу әдіснамасын меңгерген; сынақтан өткізуді жүзеге асырады және зерттеу нәтижелерін практикалық қызметке енгізеді;

ОН7 Академиялық және кәсіби ортада ғылыми пікірталастарға қатысуға қабілетті; кәсіби қызмет нәтижелеріне жауапты болу; басқару дағдыларын көрсету (келіссөздер жүргізу, коммуникативтік қабілеттер, жобаларды басқару, мәселелерді шешу және командада жұмыс істей білу); бастамашылық көрсету және ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер табу;

ОН8 Кәсіптік салада халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қабілетті; білім алушыларда халықаралық ынтымақтастық дағдыларын дамыту; оқу-тәрбие процесіне жұмыс берушілерді, кәсіптік бірлестіктердің, ғылыми ұйымдардың өкілдерін, шетелдік әріптестерді тарта алады.

Оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету білім алушылардың үміттерімен байланысты және кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 ж. 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы, 2018 жылғы 12 қазандағы өзгерістер мен толықтырулармен), ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020

жылғы 18 мамырдағы № 207 «Білім және ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

2020-2021 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен 04.08.2020 ж.), сондай-ақ 2020-2021 оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық негізінде (Ректор алқа төрағасының м.а. 22.08.2020 ж. бекітілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және университеттің басқа да нормативтік құжаттарына сәйкес. Білім алушылардың құзыреттілігін бағалау П 248-2019 негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың ағымдағы және аралық аттестациясын ұйымдастыру және өткізу (ректордың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 306 НҚ бұйрығымен бекітілген), ӘН 249-2019 Білім алушылардың қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізу (2019 ж. 11 желтоқсандағы № 306 НҚ ректордың бұйрығымен бекітілген). Мүдделі тараптардың негізгі талаптарын қанағаттандыру және білім беру үдерісін одан әрі жетілдіру мақсатында білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны жүзеге асыру үшін ресурстарды бөлу А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-нің Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жоспарлау жүзеге асырылады. Бұл қызметті жоспарлау институт пен кафедраның жоспарларында көрсетілген. Жоспарлау материалдық-техникалық базаны, электронды кітапхана қорын жақсартуды, жаңа құрал-жабдықтармен жаратандыруды, оқу процесін компьютерлендіруді және ақпараттандыруды, тағылымдамадан өту үшін база құру үшін жұмыс берушілермен келісімдер жасауды, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуды қамтиды.

Ағымдағы жағдайды талдау

БББ 7М01509 – Информатика мамандығы бойынша 6 магистрант оқиды.

Білім беру процесі жеткілікті әлеуеті бар, толық білімі мен оқытылатын пәннің ерекшеліктерін түсінетін, білім беру үдерісі шеңберінде білім алушыларға білімді тиімді беру үшін қажетті дағдылар мен тәжірибеге ие жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

7М01509 – Информатика білім беру бағдарламасы бойынша сабақ беретін мұғалімдердің жалпы саны – 8 адам, оның 7-і (90%), оның ішінде ғылыми дәрежесі мен атағы бар штаттық оқытушылар – 5 адам (62,5%).

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің, магистранттардың, өндіріс талаптарының және еңбек нарығының қатысуымен қалыптасады және соңғы нәтижеге бағытталған.

Әлеуетті жұмыс берушілер БББ мақсаттарының тиімділігін бағалауда ынтымақтастыққа шақырылады. 2020 жылы БББ 7М01509 – Информатика пәні бойынша емтиханды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ физика-математика бағытының информатика мұғалімі М.Ғ.Оспанов және «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 8 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нестерова И.В. жүргізді.

Кафедраның филиалдары болып табылатын кәсіпорындармен, ұйымдармен, тәжірбиелік базалармен келісе отырып элективті пәндер каталогында көрсетілген БББ-ның міндеттері тексерілді.

БББ жүзеге асыру үшін 6 компьютерлік сынып пен 2 мамандандырылған зертхананы қамтитын қажетті кабинет қоры бар.

Кафедраның материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсартуға құрал-жабдықтарды алу арқылы қол жеткізіледі. 2019-2020 жылдарға арналған робототехника зертханасына шамамен 5992250 млн.теңгеге құрал-жабдықтар сатып алынды.

БББ-ын дамыту жоспары

№ пп	Іс-шаралар	Көрсеткіштер мен мерзімдер					Жауаптылар
		2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024 жж	2024-2025ж	
1. БББ-нің мазмұнын жетілдіру							
1.1	Білім беру мазмұнын жаңарту аясында БББ мазмұны жетілдіру	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
2. Кадрлық потенциал							
2.1	Ғалым дәрежесі бар ПОҚ саны	3	3	4	4	5	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
2.2	Қысқа мерзімді қатынасқа шетелдік оқытушыларды тарту		1	1	1	1	Кафедра меңгерушісі
2.3	Ұзақ мерзімді қатынасқа шетелдік оқытушыларды тарту (кемінде 3 ай)				1	1	Кафедра меңгерушісі
3. Білім беру үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету және инновациялық білім беру технологияларын белсенді пайдалану							
3.1	Іс-шаралардыцифрландыру	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
3.2	Жаңапедагогикалық технологиялар, әдістемелер, оқытуәдістері меноқуқұралдарыенгізу	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
4. Материалдық-техникалық базаныжақсарту							
4.1	Оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін материалдық - техникалық мүмкіндіктерді кеңейту	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	кафедрамеңгерушісі,
4.2	Кітап қорын көбейту	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	кафедрамеңгерушісі,П ОҚ, кітапхана директоры

4.3	Жаңа құрал-жабдықтармен жабдықтау қолжетімді зертханалар және кеңселер	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Жылсайын	Кафедра меңгерушісі, институт директоры
5. Ғылыми зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыру							
5.1	Білім беру және ғылыми жобаларға қатысатын ПОҚ саны	2	2	2	3	3	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ
5.2	Ғылыми басылымдар (импакт-факторы нөл емес Thomson Reuters/Scopus, ККСОН дерекқорларына енгізілген журналдарда) санын ұлғайту	1	1	2	2	3	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ
5.3	Ғылыми зерттеу жұмыстарына білім алушыларды тарту, қатыстыру	1	1	2	2	2	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ
5.4	Пән аймақтық біліктілігін арттыру курстарына қатысатын ПОҚ санын арттыру	2	4	5	6	6	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ
5.5	Магистранттар мен ПОҚ мүшелерінің академиялық ұтқырлықтарын арттыру. Дәріс беру үшін алыс және жақын шетелдердің барлық профильдегі университеттерінен ғалымдарды тарту.	1	2	2	3	3	Кафедра меңгерушісі, ПОҚ, халықаралық ынтымақтастық бөлімі
6. Контингенттің қалыптасуы							
6.1	Мамандарға қажеттілік болжамын ескере отырып, білім беру бағдарламасына қабылдау жоспарын қалыптастыру	10	10	10	15	15	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
7. Түлектерді жұмысқа орналастыру							
7.1	Оқу жылы аяқтағаннан кейін бірінші рет жұмысқа орналасқан БББ түлектерінің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	100%	100%	100%	100%	100%	Кафедра меңгерушісі, оқытушылар құрамы
8. Білім беру бағдарламасының мониторингі							

8.1	Семестрдің соңында пәндерді оқыту сапасы жайында білім алушыларға анкета жүргізу	Жылына екірет. 50%-дан аз емес білім алушыларды қамту	Жылына екірет. 50%-дан аз емес білім алушыларды қамту	Жылына екірет. 50%-дан аз емес білім алушыларды қамту	Жылына екірет. 50%-дан аз емес білім алушыларды қамту	Жылына екірет. 50%-дан аз емес білім алушыларды қамту	Кафедра меңгерушісі, эдвайзерлер
8.2	Өндірістік тәжірибе жетекшілеріне анкета жүргізу	Жыл сайын. 50%-дан аз емес өндірістіктәжірибе жетекшілерін қамту	Жыл сайын. 50%-дан аз емес өндірістіктәжірибе жетекшілерін қамту	Жыл сайын. 50%-дан аз емес өндірістіктәжірибе жетекшілерін қамту	Жыл сайын. 50%-дан аз емес өндірістіктәжірибе жетекшілерін қамту	Жыл сайын. 50%-дан аз емес өндірістіктәжірибе жетекшілерін қамту	Кафедра меңгерушісі,, тәжірибе үшін жауаптылар
8.3	Университет түлектерін дайындау сапасы жайында жұмыс берушілерге анкета жүргізу	-	-	-	-	Жыл сайын. 50%-дан аз емес жұмыс берушілерді қамту	Кафедра меңгерушісі, эдвайзерлер

Информатика кафедрасының отырысында қаралды, №1 хаттама 12.09.2020 ж.

Әзірлеушілер: кафедра меңгерушісі

Т.Радченко

Ғылыми комитеттің төрағасы

Б.Күзенбаев

Жұмыс берушілер:

Қостанай облысы

әкімдігі білім басқармасы

КММ «Қостанай қаласының білім бөлімі
№1 мектеп-лицейі» директоры



С.Шарипова

